



## Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 118 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 28 қарашада № 7314 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 256 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 256 (01.04.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті беру тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ**  
**Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Төрағасы*

*Г. Марченко*

*Ұ л т т ы қ                      Б а н к*

*К Е Л І С І Л Д І*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*С т а т и с т и к а                      а г е н т т і г і*

*Т ө р а ғ а                      С м а и л о в                      Ә . А .*

*2 0 1 1                      ж ы л ғ ы                      2 6                      қ а з а н д а*

*(қолы, күні, елтаңбалы мөр)*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ұ л т т ы қ

Б а н к і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

3 0

қ ы р к ү й е к

№

1 1 8

қ а у л ы с ы н а

қосымша

## Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне енгізілетін өзгерістердің тізбесі

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 196 ( қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Агенттік Басқармасының «Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның есеп беру ережесін бекіту туралы» 2004 жылғы 27 қарашадағы № 327қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3343 тіркелген) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның есеп беру е р е ж е с і н д е :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Ереже «Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның (бұдан әрі - тіркеуші) есептілігін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетіне (бұдан әрі - уәкілетті орган) ұсыну тізбесін, нысандарын, мерзімін және тәртібін белгілейді.»;

1-қосымшаның «Өз активтері есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы е с е п » д е г е н к е с т е с і н д е :

8-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«

Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде), оның ішінде:

»;

10-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«

Өзгерістері пайданың немесе шығынның құрамында көрсетілетін, әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздар, оның ішінде:

»;

12-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«

Өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде), оның ішінде:

».

3. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 196 ( қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 196 ( қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Күші жойылды - ҚР Ұлттық банк Басқармасының 08.05.2015 № 75 (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 146 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне енгізілетін өзгерістер тізбесіне 1-қосымша

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 196 (қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне енгізілетін өзгерістер тізбесіне 2-қосымша

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 196 (қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.